



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ (1913-1918 ЖЖ.) БЕТТЕРІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Рахым Нұрила

nurila.rakhymova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Сәрсембина

Өткен ғасыр басында қазақ халқының жоғын жоқтап, мүддесін қолдаған, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жерінің тұтастығын қорғаған ұлттық басылымдардың пайда болуы, ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Ұлттық баспасөзде қазақ этнографиясынан мол деректер кездеседі. Бүгінгі күні халқымыз тарихының баға жетпес дерек көзіне айналған, кезінде белгілі бір мерзімде қазақ тілінде шығып тұрған басылымдардың пайда болып ел арасына таратылуы ғасыр басындағы қазақ өмірінде ерекше қоғамдық құбылыс болған еді.

“Қазақ газеті” ұлт мүддесі үшін жарық көрді. Қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым - Қазақ газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрды. №1 номері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шығып отырған бұл басылымның бастырушысы - «Азамат» серіктігі болды. Қазақ газеті 1913 жылы №1-44 (ақпан - желтоқсан), 1914 жылы №45 - 92 (қаңтар - желтоқсан), 1915 жылы №93 - 163 (қаңтар - желтоқсан), 1916 жылы №164 - 211 (қаңтар - желтоқсан), 1917 жылы №212 - 257 (қаңтар - желтоқсан), 1918 жылы № 258 - 265 (қаңтар - қыркүйек) нөмірлерімен тарихта қалды. Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000 - ға жеткен [1, 93б.]. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген, қазіргі өлшеммен алсақ бұл тым аз. Бірақ, сол замандағы қалыптасқан ахуал тұрғысынан бағаласақ, отарлық езгідегі елде, отаршылдардың көз алдында, жария түрде тәуелсіздік идеясын насихаттайтын газетті бес жыл бойы шығарып тұру үлкен ерлік болатын. «Қазақ» газетіне қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар еді.

Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл - қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы - А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Мұсағалиев, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

Кез-келген деректің пайда болуының объективті екендігін, деректің кездейсоқ, өзінен-өзі пайда болмайтындығын ескерсек, онда, Қазақстан тарихының жазба деректерінің үлкен бір тобын құрайтын ұлттық мерзімді басылымдардың пайда болуының объективті алғышарттарының бірі, ол – ғасыр басындағы баспасөзге деген ұлттық қажеттілік, қоғамдық сұраныс деп айтуға болады. Қажеттіліктен басқа, баспасөз тасқа басылып шығып, оқырманға жетіп, келешекте тарихи дерекке айналғанға дейін оның мазмұнына, демек, деректік құндылығына әсер ететін бірнеше белестен өтетіндігі белгілі.

Тарихшы ғалым М.Қойгелдиевтің айтуынша «Қазақ» газетінің материалдары екі тұрғыдан құнды деп мәлімдеді. Біріншіден газет материалдары XX ғасырдың алғашқы

жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті деп көрсетеді [2, 181б.].

Ғалым тарихшы М.Қойгелдиевтің мұрағат деректерінен алған материалдары бойынша Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 қаңтардағы жоғары баспасөз басқармасына берілген бұйрығында Торғай облысы, Қызылшеңгел болысы, 8 - ауылдың қазағы М.А.Оразаевқа және Торғай уезі, Тосын болысы, 5 - ауылдың қазағы А.Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған: Үкімет тарапынан бұйрық – жарлықтар, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы, этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелер, экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, халық ағарту, мектеп медресе, тіл және әдебиет мәселелері, тазалық, денсаулық және малдәрігерлік жайы, фельетондар, корреспонденциялармен жеделхаттар, жергілікті хроника, суреттер, почталар (хаттар) және құлақтандырулар [2, 187б.].

Газеттің екінші редакторы қызметіне М.Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы жоғарғы баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бұйрығында былай дейді: «Орынборда А.Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуб Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі [2, 188б.].

«Қазақ» газеті беттерінде шаруашылық жайына қатысты зерттеулер көп жарияланды. Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш зиялылары қазақ жерінің сақталуы үшін күресті. Сол мақсатта саяси-экономикалық өмірді терең талдап, құнды идеяларын қалдырды. Қазақ ұлтының дәстүрлі шаруашылығының күйремеуі үшін, қандай мал түрін көптеп өсіріп, қалай егін салу қажеттілігін ғылыми тұрғыда айтып кетті. Барлық мәселеге ғылыми тұрғыдан қарады. Сондықтан да, Қазақ газеті беттерінде халықтың шаруашылығын аман-сақтауға қатысты мақалалар көп жазылды. Думада талқыланған мәселелерді халқына ашық айтып отырды. Мәселен, «Алым тарату жолы» деген мақалада Біздің қазақ жақсы жерін алты бөліп, төртеуіне егін салып, екеуіне пішен шауып, мал басқа...жылда басқа – көзге төпелеп, жаңа келген хохолша жыртса, жылдан-жылға астықтың шығымы кем болып, қазақ жерін тоздырып, қаңғып қалар. Хохолдың жылда жыртқаны өз жері емес, қоңсы қазақтан арендаға алған қазақ жері. Бұл жердің тозғанында не жұмысы бар?»[3, 36б.], – деп ескерткен еді. Қазақтардың жерді мұжыққа тиын-сыйынға жалдап қойып, ақырында сол мұжықтың сиырын бағып кетуден сақтандырды. Алаш зиялыларының негізгі мақсаты - жерден айрылмау. ***Қазақ жерден айырылса барынан айырылғаны деген қағиданы ұстанған.***

Екіншіден, саяси билік, саяси элитаның қалыптасуына қатысты деректер молынан кездеседі. Әлихан Бөкейханұлы халыққа бұ күнгі болыс, би, ауылнай һәм елу басы ескі тондағы бит дей келе, халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға сал деген өсиет айтады. Мәселен, «Сайлау» деген мақаласында: «...Болыс көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет. Бұл болып болған елде не береке?!»[3, 37б.] -дей келе, жетелеп қойған бұралқыдан бүлік болатынын үкіметтің өзі де білетінін жазған еді. Сондай-ақ, орысша хат білмейтін кісі болыс болмайды деп елге қадірлі кісінің сайланбай, халыққа қадірсіз сорлы жастар «мен орысша білемін» деп болыс бола қалғанығын ашына жазады. Әлиханның түйіндеуі: «Халық пайдасын білетін, жөн, жол көрген, әділ кісі, жұрт сөзін тыңдап, құрметтеген кісі болыс болатұғын жөні бар ғой. Орысша хат білу – тілмаштарға құл болмас үшін ғана керек қой! ... Бұл орысша білетін жыртақы жас, болыс мырзаларда не кінә бар? Үлгісіз, рәсімсіз өскен, алдында көргені қаптама өсек, өтірік жала. ...Талапты аға-іні, халыққа қызмет қылатын болса осыны құлаққа қақ!» [3, 37б.]. ***Ұлт зиялысының айтуынша билікке ең***

құрметті ақсақал, гаділ, жұрт-қамшыл, сатылмайтын, жөн білетін жақсыны сайлау керек. Осылайша жұрт қызметшілерін түзету мәселесін көтерген.

Сонымен қатар, тарихи сананы көтеру мақсатында жазылған тарихи мақалалардан көптеген деректерді ала аламыз. Мәселен Ә.Бөкейхановтың қазақ қоғамының нағыз реформаторы екенін «Қазақ» газетінің 1913 жылы басылған «Қазақтың тарихы» мақаласындағы: «...орыстың атты ғаскері казак атанғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық ғадетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы. Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған әрбір істі орнында «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз» [3, 196.] деген жолдардан байқағанымыз қазақтың атын қырғыз деп шатастырмауын қазақты өз алдына жеке халық екенін мерзімді баспасөз арқылы ұсынып отырғанынан - ақ көрініп тұр. Одан әрі: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады». Тарих не айтады? – десеніз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұспаны кім екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады...Қазақ» деген сөз қайдан шығыпты? Тарих кітаптарынан қарап мұны білуге болмайды. Рустың тарихында топты қазақ деген сөзді жазбайды. «Киргиз» деген бір жаңылыс сөзді малданып, соның менен бүкіл тарихын быдықтырады. Арабша һәм түрікше тарих кітаптарына келсек, онда да анық сөз жоқ, һәр түрлі ұйғарып айтады. Кей біреуі: қазақ – қашақ деген деген сөзден өзгерілген дейді. Жәнібек хан тұсында ханзаданың біреуі хан бола алмайтын болған соң, қасына жас бозбаланы ерітіп елден қашып, азып-тозып жүрген соң сахарада қалып «қашақ» атаныпты-мыс, жүре-жүре «қашақ» сөзі қалып, «қазақ» болыпты-мыс...»[3, 382б.]–дей келе қазақ сөзінің этимологиясы туралы деректерді талдаған.

Одан әрі: «Мұнан төрт жыл бұрын қазақ шәкірттерімен кеңесіп қазақтың тарихын жазбақ болып едік. Шәкірттердің һәр қайсының елінде шежіреге жетік адамдар бар. Тарихқа керекті сөздерді жазып әкелеміз деп кетісті.. Мінеки, шәкірттердің жазып әкелген шежіресі:

«Қырым жұртында қырық сан ноғай болғанда, бір ханның баласы анасынан шала туыпты; «тілеп алған балам шала туып, жұртымды шала қылады екен» деп, ханым баланы Дешті қапшақта көшіп-қонып жүрген он сан ноғай ішіне тастатыпты. Бала өсіп ер жеткен соң, әйдік өнерпаз болыпты. Бір күні хан өзінен туған бала сөйтіп өнерпаз болыпты дегенді есітіп, Үйсін батырдың қасына жүз жігіт қосып іздеуге жіберіпті. Бұлар баланы тапса да Сыр-Дария менен Арқаны қимай тұрып қалыпты. Үш жылдан соң Болат мырза жүз жігіт бен келіп о да тұрыпты. Және үш жылдан соң Алшын мырза жүз жігітті ерітіп келіп, о да тұрып қалыпты. Сол үш жүз жігіт манағы шала туған баланы алаша төсекте хан көтеріп «Алаш» деп ұран қойыпты. Үйсін, Болат, һәм Алшын мырзадан тұқым қалып, өзге жігіттер жауда өліп, олардан тұқым қалмайды». Қазақтың үш жүз болғанының, Алаш атанғанның мәнісі осы-мыс. Мінеки, ел арасындағы «шежіре» осы. Мұнан басқа және естуге құлақ иба қылатын өтірік шежірелер толып жатыр. ...Орыста бұрын атқа міну әдеті болмаған. Осы күнгі хохолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрген. Бір сыпыры халқы, түріктерден көрмекші, салт-әдет айтып, біздің қазаққа ұқсағаннан соң «Казаший» («Казачье войско») атанып кеткен.

Орыстың атты әскері қазақтың десе, біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қиаметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» [3, 382-383б].

«Қазақтың «Алаш» атанған хиджреттен алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сараарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісі» («отечественник») деген сөз болады.«Алашы – алаштың басшысы» («голова отечества») мағынасында болады. Қазақтың «Алаш Алаш болғанда; Алаш хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған» [3, 392-393б].

«Қазақ» газетінің шығарушы алқасының атынан берілген 1913 жылғы 1 санындағы құлақтандыруда: «Газетіміздің көп мақсатымыздың бірі – басқадан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ сондықтан қазақтың мақалалары, тақпақ сөздері, билердің шешендердің айтқан сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бірі де қабыл алынады, басылмай қалған сөздер қайтарылмайды» [3, 126.] делінген. Яғни «Қазақ» газетінен тікелей XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жан – жақты кең көлемде мағлұматтарды аталған газеттен көруге болады.

«Қазақ» газетінде Ә.Бөкейхановтың басылған сын мақалаларында мол тарихи – этнографиялық мәліметтер бар. Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы, «Қалқаман – Мамыр» туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылы 121 – санында жарияланған [3, 187б.]. Сондай - ақ Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабына газеттің 1913 жылғы 12 – санында [3, 37б.] мақала арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер молшылық. 1914 жылы орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабына сын мақаласын газеттің 1915 жылғы 126 – 129 сандарында [3, 172б.] жариялайды. Осы мақалада Ә.Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне» Шоқан Уалихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі туралы, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі екінші бір күрделі мәселе оқу – ағарту ісі болды. «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас көз болды. Мысалы: «оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән жайын, маңызын, әсіресе, «Қазақтың шаруасына, бір жақтан надандықтан кемшілік келген де, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігіне қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер – білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында шаншылмас едік, бізде өз алдымызда бір жұрт екенімізді білдірер едік» – десе, «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысшада білу керек», - дейді. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп мұқтаждарын айтады.[3, 98-102б.]

Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын мүмкіндігінше сарапқа салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғашқы қадам жасаған да «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің қазақ әдебиеті тарихына сіңірген еңбегін айтқанда, әдеби шығармаларға орын беруге еш уақытта тарлық жасамағанын, екіншіден, кітап болып шыққан өлең жинақтарының бәріне дерлік өз көзқарасын білдіріп отырғандығын, үшіншіден, әдебиеттер байланысына, әсіресе, орыс пен татар әдебиеттерімен

ынтымақ-бірлік орнатуға үндеп, үлгі-өнеге алуға шақырғандығын атауға болады. «Қобыланды жыры» жайында «Қазақ» газеті «Қыр баласы» - Әлихан Бөкейхановтың сериялы мақаласын 126-129-сандарында 1915 ж жариялады[3, 172б.]. Бұл өзінің айтары жағынан да, меңзеуі жағынан да «Айқаптағы» рецензиядан өзгеше сипатта. Олай болуы алдына қойған мақсатына байланысты болды. 1914 жылдан былай қарай газеттің әдебиет пен мәдениетке арналған мақалалары әрі көркемдік таным-білік жағынан да тарихи түсінік жағынан да қоюланып, тереңдей берді. Әдебиеттің жалпы мәселелері жанрлық шолу, кейде баяндама түрінде, кейде нақты ақын-жазушыларға арналған ғұмырнама түрінде көрініс беріп жатты. Тіпті әдебиет тарихын дәуірлеу талабы да кездесті. Әлихан Бөкейханұлы қазақ эпосынан азаматтық тарихымыздың ізін іздесе, Райымжан Марсеков 1915 ж 13 ақпанда болған әдебиет кешінде «Қазақ әдебиеті жайынан» жасаған баяндамасы «Қазақтың» 15 және 19 наурыздағы сандарында жарияланды[3, 154б.]. «Қазақ» ұлт мүддесін қорғай жүріп ешбір халықты шет қақпай, Петербургтегі орыс зиялыларына да орын беріп, көңіл айтуларды жариялап тұрған. «Қазақ» газеті ұлттық бағытты ұстанса да ешуақытта ұлттық шектеушілікке бармаған. Мұның да мағынасын түсіне білуіміз керек. Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы күні берілген. Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылған. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс және 1 губернияға бөлінген (Қырбаласы. Қазақ. «Қазақ» газеті, 1913 жыл, № 8) [3, 276.]. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алған. «Қазақ» газетін метрополияның Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургтен Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері жаздырып оқығаны туралы деректер кездеседі. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін басылымға айналды.

«Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты - қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру және Әлихан Бөкейхан өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткендей, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі негізінде «батыс мәдениеті жүзеге асырылуға тиіс» болатын. Алдына міне, осындай мақсат-мүдделерді қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгіссіз күрес жолымен жетуге ұмтылды. Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті Кеңес өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың наурызында біржола жабылып, көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.

Әлихан Бөкейханов съезге келген адамның қызылды – жасыл киініп, алқа-моншақ тағынып, тойға келгендей келмей, қазақтың бір мәселесін талдай алатын деңгейде дайындалып келуіне ерекше мән берді. Тіпті, осы мәселе тұрғысында қалам тербеді де. Сонымен қатар, дінді түзу ұғындыруға жетелейтін мақалар жазды. Мәселен, «Рамазан айы жақындау тақырыпты» деген мақаласында Құран кәрімде баянды етілген садақа орындарын халыққа түсіндірген. Садақаны халық мұқтаждығына жұмсау ісін ұғындырады: «Алла тағала құран кәрімде пайалы орынға өздеріңнің сүйген нәрселерің мен малдарыңды шығармай тұрып ізгілік, жақсылық деген нәрсеге жетісе алмайсындар деп бүтін адам баласын шын көңілімен ұлт ісіне қызмет етуге қызықтырады. ... Әр нешік мұндай парыз, уәжіп садақалар бір кісінің пайдасына ғана емес, бүтін ұлт пайдасына беріледі. Ол ұлт пайдасы мектеп, медресе сияқты жұрттар салып, бала оқыту секілді істерде табылады» [3, 307б.].

Қорыта келгенде «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды және ұлттық – демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтқы болған да осы газет. Бірақ іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды. Алайда қиын қыстау заманда «Қазақ» газеті өз міндетін атқарды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Субханбердина Ү.Х. Қазақ халқының атамұралары: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш.- А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999, 834 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А.: Мектеп, 2008, 480 б.
3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998, 560 б.
4. Букейханов А. Киргизы - Формы национального движения в современных государствах. – А.: Атамұра, 2005, 250 с.

ӘОЖ 94(574)

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Спатаева Ақерке

Erke_07_91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Сәрсембина

Дін –адам баласының, қоғамның гүлденіп дамуының кепілі. Тәуелсіздік алған жылдардан бері дінді әр – түрлі бағытта түсіндірулер көбейіп кеткендігі салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдардың ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни – плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе. Алайда, діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпараттарды жақсы игерген тұлға діни адасудан аулақ болады. Дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге діни басқарма тосқауыл қою шараларымен айналысып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс-әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасауға ұмтылуда. Елімізде діндер мен діни ағымдарға қатысты мәселелер жеткілікті.

Баланы түзу тәрбиелеу тектілік қалпы екендігі ақиқат. Түзу тәрбие алған адам – иманды адам. Қазақтың дәстүрлі қоғамында балаға, ең алдымен, діни білім берілген еді. Алаш зиялыларының барлығы ишан, молдалардан білім алған жандар. Діни білім арқылы өмірдің мәні ұғындырылды, өмір ақиқаты түсіндірілді. Қазақтың мұсылманшылығы Арыстан бап, Иассауи даналардың жолымен сүрленген имандылыққа негізделген еді. Ұлттық дәстүр ислам қағидаларына қайшы келмегендіктен де, мұсылманшылық тұтқасымен қабысқан еді. Қазақ болмысының алғырлығы, өмір ақиқатын ұғынған білімі мен білігі ел сүйгіш тұлғаларды қалыптастыруға негіз болды.

Ұлттық рух - ұлт дамуының өзегі. Ұлттың рухтың діңгегі - тіл, дін, тарих деп мәдениет қуатының негізі болар рухани құндылықтарды айтамыз. «Отанды сүю иманнан» - деген даналық бар. Иманды адам ұлтының жанын ұғынып, қадірлейді, ұлтына барлық болмысымен қызмет етеді. Демек, ұлттық рухпен қаруланған жанның бойында ғана Отансүйгіштік деңгей жоғары қалыптасады. Ұлт ісі кісілік келбеттің қоғам өмірінде терең тамыр жаюына қатысты дамымақшы. Сондықтан рухани жетілген жан ғана ұлттық рухтың мәнін түсініп, оны қорғаушы ғана емес, кейінгі ұрпаққа жеткізуші қызметті атқарып, Отан алдындағы азаматтық борышын, ұлт алдындағы перзенттік парызын адал орындайды. Сөйтіп, өзін өзгелерге қадірлете біледі.

Дін адам баласының ізгілік жолымен өмір сүруі үшін шыққан рухани дүние. Діни сауатты жан адамның дін үшін емес, діннің адам үшін өмір сүретіндігін әріден ұғынады. Осыған орай діннің ұлттық құндылықтарды (ақиқатқа сай) дамытушы қуат екендігі де белгілі. Ақиқаттың АЛЛАДАН, шындықтың адамнан екендігін ғылым сырын түсінген адам жаны тез ұғады. Ақиқат дегеніміз талқылауға келмейтін, бопсалауға көнбейтін, адамның жетегінде жүрмейтін категория. Адам баласы керісінше ақиқаттың жетегінде жүруі тиіс екендігін де зерделей білуіміз қажет. Ақиқатты ақыл көзімен көре білгендер шындықтан